

## **АЛТАЙ – ТАРБАҒАТАЙ САҚ ТАЙПАЛАРЫ ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ КЕЗЕҢДЕЛУІ МЕН МЕРЗІМДЕЛУІ ХАҚЫНДА**

Алтай мен Тарбағатай аралығы ерте темір дәуірі ескерткіштері ғалымдары: Г. Ф. Миллер, П. С. Паллас, Г. И. Спасский, И. Г. Гмелин және олар туралы мәліметтерді ХУІІІ ғ. саяхатшылары мен басқалардың еңбектерінен кездестірсек<sup>1</sup>, ал ерте көшпелілер ескерткіштеріндегі археологиялық қазба жұмыстарын 1865 жылы Алтайдағы атақты Берел

қорымында академик В. В. Радлов жүргізеді<sup>2</sup>.

Орталық және Шығыс Азияны зерттеу саласындағы Орыс комитеті 1910 жылы Жоғарғы Ертіске В. И. Каменскийдің басшылығымен және А. Белоусов пен В. Пилетичтің қатысуымен Семей облысындағы қорғандарды қазуға экспедиция жібереді, оны осы аудандарға жіберілген бірінші ар-

---

<sup>1</sup>*Миллер Г.Ф.* История Сибири. М.; Л., 1937. Т. 1. С. 607; *Миллер Г.Ф.* Описание Сибирского путешествия; Изъяснения о некоторых древностях, в могилах найденных; *Паллас П.С.* Путешествия по разным провинциям Российской империи. Ч. 1. СПб., 1773. Ч. 2, кн. 1-2. СПб., 1876. Ч. 3. СПб., 1788.

<sup>2</sup>*Радлов В.В.* Из Сибири. М., 1989. С. 449-451.

хеологиялық экспедиция деп есептеуге болады. А. В. Адрианов 1906, 1910 және 1911 жж. Семей облысы жерінде археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізді. Бұл жұмыстардың нәтижелері 1916 жылы Императорлық археологиялық комиссияның Хабаршысында жарияланды. Майемер жазығында, Нарым жоталарындағы Солнечный Белок түбінде, Черновая ауылынан жоғары Бұқтырма өзенінің оң жағалауында қазба жұмыстары жүргізілді<sup>3</sup>. Қазан төңкерісінен кейінгі археологиялық зерттеулер Кеңес өкіметі тұсында ғана ғылыми тұрғыдан алғанда қазба әдістері сақталып, материалдарды тарихи тұрғыдан түсінуге жете көңіл бөлінді.

Алтайдағы 1927 жылы С. И. Руденконың<sup>4</sup>, 1947 жылдан бастап арасындағы үзілістерімен 1971 жылға дейінгі С. С. Черниковтың<sup>5</sup>, 1959–1963 жж. С. С. Сорокинның<sup>6</sup>, 1965–1974 жж. Ф. Х. Арсланованың<sup>7</sup>, Ә. М. Оразбаевтың<sup>8</sup>, З. С. Самашевтың<sup>9</sup> және т.б. археологиялық зерттеу жұмыстарын айтуға болады. Тарбағатайда 1989 жылдарға дейін қазба жұмыстары С. С. Черниковтың басшылығымен Шілікті және Шаған оба ескерткіштерінде ғана жүргізілді.

Алтай – Тарбағатай сақ тайпалары ескерткіштерінің хронологиясы мен кезеңделуі жөнінде өзінің ұзақ жылдарғы ғұмырын арнаған С. С. Черников Шығыс Қазақстанның б.д.д. VIII–III ғғ. ескерткіштерін жерлеу құрылыстарына қарап солтүстік және оңтүстік деп екі топқа бөледі. Олар көршілес орналасып көптеген элементтері ортақ скиф мәдениеті түріне жатқанымен, әртүрлі территорияларды алып жатыр және өзара кейбір айтарлықтай ерекшеліктеріне қарап ажыратылады.

**Солтүстік топ** – Ертістің жоғарғы ағысы салалары жазықтарын мекендеген. Оларға топырақ пен тас қорғандар және қабірдің солтүстік қабырғасы мен ағаш кима арасындағы ер тоқымымен ауыздықталған жылқылар жерленуі тән. Бұл қорғандар пазырық мәдениетіне жатады.

**Оңтүстік топ** – Зайсан көлі маңы мен Тарбағатай жоталарын мекендеушілер. Топырақ қорғандар, ағаш жабындылы қабірлер немесе бөренелерден салынған ағаш құрылыстар; қабір шұңқырға шығыс жағынан жер асты жолы келіп қосылады. Бай қорғандардың құрылысы күрделірек, үгітілген саз балшық пен шым, ал қорған етегіне тастар төселген. Керамикалық ыдыстар, құлдардың және жылқылардың жерленуі кезікпейді.

Солтүстік және оңтүстік топтар арасындағы шекара Усть-Бөкен ауылы жанында және Ертістің жоғарғы сағасы ағысындағы Нарын өзені бойында айқын аңғарылады. Археологиялық зерттеулерде осы территориялық топтар арасындағы шекараны анықтауға қиындық туғызады, бірақ Зайсан көлі бойынша көрсетіледі. Екі топта да кездесетін қола заттар мен әшекей бұйымдар арасындағы айырмашылық байқалмайды. Бұл өлкеде көптеген ескерткіштердің зерттелгендігіне қарамастан қазіргі таңда да ақтандақ аймақтар баршылық. Б.д.д. I мың жылдықтағы көшпелілердің мәдениетінің хронологиясы мен кезеңделуін талдаған С. С. Черников солтүстік аймақтың біршама зерттелгенін басып айтады, ал оңтүстік ескерткіштер тобында (Тарбағатай аймағы) тек б.д.д. VII–V ғасырларға жатқызылған қорғандары ғана қазылып, ал қалған хронологиялық кезең ескерткіштері зерттелмеген еді.

<sup>3</sup>Адрианов А.В. К археологии Западного Алтая: Из поездки в Семипалатинскую область в 1911 г. // Известия археологической комиссии. Пг., 1916. С. 1-92.

<sup>4</sup>Руденко С.И. К палеоантропологии Южного Алтая // Казах. Л., 1930. С. 146-148.

<sup>5</sup>Черников С.С. Отчет о работах ВКЭ 1948 года. // Изв. АН КазССР. №108. Вып. 3. 1951. С. 67-68; Черников С.С. Предварительный отчет о работе Восточно-Казахстанской экспедиции в 1948 г. Архив. Ф. 11, опись 2, дело 120. С. 6; Черников С.С. О работах Восточно-Казахстанской экспедиции // КСИИМК. Вып. 64. М., 1956. С. 43-60; Черников С.С. Отчет о работах ВКЭ за 1954 год. (Рукопись). С. 10-12; Черников С.С. Отчет о работах Восточно-Казахстанской экспедиции 1948 г. // Изв. АН КазССР. Сер. археол. Вып. 3. № 108. Изд-во АН КазССР. Алма-Ата, 1951. С. 64-81; Черников С.С. Работы Восточно-Казахстанской археологической экспедиций в 1956 году // КСИИМК. Вып. 73. Л., 1959. 99–106-бб.; Черников С.С. Загадка золотого кургана. М., 1965.

<sup>6</sup>Сорокин С.С. Памятники ранних кочевников верховьях реки Бухтармы // Археологический сборник. №8. М.; Л., 1966. С. 35-37; Сорокин С.С. Большой Берельский курган (полное издание раскопок 1965 и 1969 гг.) // Тр. Гос. Эрмитажа. Л., 1969. Т. X. С. 208-236.

<sup>7</sup>Арсланова Ф.Х. Могильник ранних кочевников на правобережья Иртыша // Изв. АН КазССР. Вып. 2/19/. С. 57; Арсланова Ф.Х. Могильник ранних кочевников на правобережья Иртыша // Изв. АН КазССР. Вып. 2/19/. С. 57.

<sup>8</sup>Оразбаев А.М., Омаров Г.К. Некоторые итоги археологического исследования Восточного Казахстана // Проблемы изучения и сохранения исторического наследия. Алматы, 1998. С. 9-70.

<sup>9</sup>Самашев З.С. Памятники Кулажургинского типа // Археологические памятники в зоне затопления Шульбинской ГЭС. Алма-Ата: Наука, 1987. С. 95-115.

Ескерткіштердің солтүстік тобында табылған қорғандардың хронологиясының кеңдігіне байланысты С. С. Черников оларды үш кезеңге бөлді. Басқа территорияларда табылған жаңа қорғандардан алынған материалдарға жүгіне отырып, С. С. Черников ерте көшпелілер дәуірінің хронологиясының бастауы ретінде б.д.д. VIII ғасырларды көрсетеді. 1) б.д.д. VIII–VII ғғ. – **майемер** типіндегі ескерткіштер (Славянка, 19 қорған; Юпитер, 1 қорған; Қанай, 7 қорған және т.б.); 2) б.д.д. VI–IV ғғ. – **пазырық** типіндегі ескерткіштер (Мало-Красноярка, Қызыл ту, 2,4 қорғандар және т.б.); 3) б.д.д. III–I ғғ. – **құлажорға** мәдениеті ескерткіштері.

Құлажорға мәдениетін С. С. Черников тағы да, 3 кезеңге бөліп қарастырған. Осы мәселелер С. С. Черниковтың ең соңғы 1975 жылғы «К вопросу о хронологических периодах в эпоху ранних кочевников» атты еңбегіне кірген.<sup>10</sup> Мұнда ол зерттелген археологиялық материалдарға қарап нақты екі хронологиялық кезеңге бөлді:

1) б.д.д. VII–IV ғғ. және 2) б.д.д. III ғ. – б.д. I ғ. Алғашқы б.д.д. VIII ғасырларды алып тастап Құлажорға кезеңін кеңейтті.

Соңғы ерте көшпелілер туралы мәліметті (Шығыс Қазақстандағы) Қазақ ССР тарихының I-томының жеке бөлімінде берген М. Қ. Қадырбаев Шығыс Қазақстан көшпелілерінің басқа ай-мақтардан өзіндік далалық болғанын, сондай-ақ солтүстік таулы аймақтарда көршілес Алтайлық тайпалар ықпалы болғанын және оңтүстікте-гілерге – Жетісу ерте көшпелілердің ықпалында болғанын көрсетеді. Осыған қарамастан Шығыс Қазақстан көшпелілерінің мәдениеті дамуы толық сипатталған.<sup>11</sup> М. Қ. Қадырбаев «Қазақ ССР тарихында» алғашқы екі кезеңі – **Майемер б.д.д. VII–VI ғғ.** және **Берел (немесе Пазырық) б.д.д. V–IV ғғ.** негізінен Алтайлық материалдар не-гізінде тұжырымдалған. Шығыс Қазақстанда бірінші кезеңді сипаттау үшін Шілікті обасы, екінші кезең үшін Усть-Бөкенді (б.д.д. III–I ғғ.) кезең С. С. Черниковтың Шығыс Қазақстандағы ескерткіштерді зерттеуі бойынша. М. Қ. Қадырбаевтың еңбегі аймақтағы ерте көшпелілердің мәдениетінің даму кезеңдері туралы жалпылама

түсінік береді, қайта ескерткіштердің барлығын қамтымайды. С. С. Черников пен М. Қ. Қадырбаевтың кезеңдеулері сәйкес келеді, тек сәл айырмашылығы кездеседі. Соңғысында Шығыс Қазақстан мен Алтай ескерткіштері ұқсастығы байқалады.

Ары қарай Тарбағатай мен Ертіс аймақтарын қарастырамыз, себебі Павлодарлық Ертіс маңы мен таулы аудандар басқа мәдениеттермен байланысты.

Н. А. Боковенко мен Ю. А. Заднепровский бар кезеңдеулерді, сондай-ақ жаңа археологиялық материалдарды, жерлеу рәсімдерді, қорған конструкциялары мен заттық комплекстерді ескере отырып, негізгі үш кезеңге бөліп қарастырады<sup>12</sup>.

**1-кезең** – бастапқы кезең (Зевакино, Шілікті) б.д.д. VIII–VI ғғ. кезеңделеді. Мүмкін, оның «көне» кезеңі б.д.д. IX ғ. дейін игеріліп, бұнда ерте көшпелілердің Алтайдың синхронды комплексінің Курту II типі негізге алынған. Скиф ескерткіштерін сондай ерте дәуірге жатқызу көрші территориялардан жиналған материалдарға анализ жасауға негізделеді. Зевакино немесе Измайловка комплекстерін (б.д.д. VIII–VII ғғ.) зерттеу арқылы және олардың бір бөлігіне жасалған типологиялық анализ, дендрохронологиялық әдістер, радиокөміртекті сараптау арқылы одан да ерте кезеңге жатқызады. Археолог ғалымдар арасында мәйемер кезеңі мерзімін біреулері тым ерте кезеңге апарса, біреулері бұрыннан келе жатқан мерзімде қалса, ал баз біреулері жасартуға тырысады.

Алайда соңғы жылдары еліміздегі қазылған Мәйемер 2, №3 қорған (Самашев З. С.) Шілікті 3, №1 қорған (Төлеубаев Ә. Т.) ескерткіштері б.з.д. IX–VIII ғғ. жататындықтан (радиокөміртектік сараптама бойынша) мәйемер кезеңінің уақытын арырақ жылжытып б.з.д. IX ғ. соңынан бастауға толықтай негіз бар деп ойлаймын<sup>13</sup>. Бұл ескерткіштердің уақыты бір болғанымен жерлеу салтында, қорған құрылысында (біреуінде дромос бар, біреуінде жоқ) айтарлықтай айырмашылықтың болуы мұнда әртүрлі этникалық топтардың қатар өмір сүргендігін көрсетеді. Сондықтан да атауын Мәйемер-Шілікті деп атаған дұрыс болар.

**2-кезең** – орташа (бөкен) б.д.д. VI–IV ғғ. жатқызылады. Ол Алтай мен Пазырық дәуірі матери-

<sup>10</sup> Черников С.С. К вопросу о хронологических периодах в эпоху ранних кочевников (по археологическим материалам Восточного Казахстана) // Первобытная археология Сибири. Л., 1975. С. 132-137.

<sup>11</sup> Қазақ ССР тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Алматы, 1980. 1-т. 246-273-бб.

<sup>12</sup> Боковенко Н.А., Заднепровский Ю.А. Ранние кочевники Восточного Казахстана. Степная полоса Азиатской части СССР в скифо-сарматское время. М., 1992. С. 140-149.

алдарына негізделген.

Шығыс Қазақстанда б.д.д. YI ғ. басында пазырық (берел) мәдениетінде бұған дейінгі майемер археологиялық кезеңімен салыстырған- да күрт, әрі ойламаған айтарлықтай өзгерістер болды. Берел кезеңінің соңында қоланы жаппай темір ығыстырды.

**3-кезең** – кейінгі (Құлажорға) – б.д.д. III–I ғғ. жатады.

Құлажорға мәдениетіне жататын ескерткіш-тер біршама зерттелгенімен, археолог ғалымдар тарапынан бар материалдарға ғылыми саралау жүргізілмеді. Тек З. С. Самашевтың Шұлбі су қоймасын салуға арналған жинақта ғана қарастырылған.

Онда Құлажорға ескерткіштері қорған құрылысының ерекшелігіне және жерлеу ғұрпына қарай 2 топқа бөлінеді. Алтайда б.д.д. III ғ. бастап ерте көшпелілер мәдениетінде айтарлықтай өзгерістер болды. Бұл жерде тас жәшікте жерленген құрылыста құлажорға тұрпатындағы ескерткіштер пайда болады. Мәйітті онда шалқасынан шығыс немесе батысқа қаратып ұзыннан сұлай жерлеген. Өте сирек жағдайда ғана оң жамбасымен бүктеле жерленген мәйіттер кездеседі.

Ұқсас ерте көшпенділер ескерткіштерін зерттеген С. С. Черников Пчела, Славянка, Қызылту, Юпитер, Малокрасноярка, Усть-Бөкен обаларын ерте көшпенділер кезеңінің аяқталуына жатқызып оларды ежелгі және кейінгі деп бөлді.

Тарбағатай теріскейінде 1989 жылдан бастап зерттелген<sup>14</sup> б.з.д. III ғ. – б.з. III ғғ. дейінгі қорғандардың сыртқы және ішкі құрылыс, құрылымы және ондағы мәйітпен бірге көмілген ақы-реттік заттары Жетісу мен Шығыс Түркістан жеріндегі усунь ескерткіштерімен ұқсас екендігін көреміз және олардан табылған артефактілердің тым аздығына

қарамастан усуньдердікі деп айтуға толық негіз бар. Алтайдағы құлажорға мәдениетін қалдырушылар мен Тарбағатай, Іле бойы усуньдерінің өзара этно-мәдени байланыста болған, жерлеу салты мен материалдық мәдениеті бір туыстас тайпалар деп айтуға болады.

Алтай мен Тарбағатай ерте темір дәуірі ескерткіштерінің сыртқы құрылысы, ішкі құрылымы, жерлеу салты ерекшеліктеріне байланысты кезеңделуі мен мерзімделуі туралы өз көзқарасын автор мақала соңындағы таблицада берді.

Қазіргі таңда Шығыс Қазақстанмен көршілес Таулы Алтайдың скиф дәуірін Ресей ғалымдары екі кезеңге бөліп қарастырады: «ерте скиф», «скиф» немесе «пазырық». Бұл кезеңдердің хронологиялық шеңбері және кезеңдері туралы пікірлердің әртүрлілігіне қарамастан негізінен ерте скиф уақыты б.д.д. IX–VIII ғғ.-дан б.д.д. VI ғғ., ал скиф немесе пазырық уақыты б.д.д. VI–V ғғ.-нан б.д.д. III–I ғғ.-мен мерзімделеді. Таулы Алтайдың скиф кезеңінің қорғандары туралы қалыптасқан көзқарас бойынша 1) тек пазырық археологиялық мәдениетіне жатады<sup>15</sup>; 2) пазырық мәдениеті және кара-қоба «топтарына» бөлінеді<sup>16</sup>.

Қытай Алтайындағы ерте темір дәуірінің ескерткіштері біз қарастырып отырған аймақтағы ескерткіштермен сыртқы құрылысы, орналасуы жағынан<sup>17</sup> ұқсас, тіпті бірдей болғанымен (мақала авторы 2007 жылғы ҚХР-ға жолсапар барысында көптеген ескерткіштерді өз көзімен көріп, мұражай материалдарымен танысқан) қазірге дейін ресми түрде өкімет тарапынан жүйелі, әрі кешенді археологиялық қазба жұмыстары жүргізілмеген. Ғылыми зерттеу ісі тек барлау, тексеріп есепке алу және кездейсоқ жағдайда табылған ескерткіштерді зерттеп-зерделеу деңгейінде ғана<sup>18</sup>.

Шығыс Қазақстанның ерте темір дәуірінің хро-

<sup>13</sup>Марсадолов Л.С., Зайцева Г.И. Соотношение радиоуглеродных и археологических датировок для малых и средних курганов. Саяно-Алтай I тыс. до. н. э. // Итоги изучения скифской эпохи Алтая и сопредельных территории. Барнаул: Изд. Алтайского государственного университета, 1999. С. 115.

<sup>14</sup>Төлеубаев Ә.Т. Ертедегі үйсіндердің Тарбағатайдың теріскейіндегі ескерткіштері // ҚазМУ Хабаршысы. Тарих сериясы. №127. 23-38 бет; Омаров Г.К. Могильники раннего железного века в предгорьях Тарбагатай // Проблемы изучения и сохранения исторического наследия. Алматы, 1998. С. 225-239; Омаров Ф.Қ. Тарбағатай көшпелілерінің б.з.д. I-мыңыншы жылдықтағы мәдениеті жөнінде // Проблемы изучения и сохранения исторического наследия. Алматы, 1998. 253-259 б.; Омаров Ф.Қ. Базар шаты қорғандары // ҚазМУ Хабаршысы. Тарих сериясы. Алматы, 1999. №12. 81-89 бет.

<sup>15</sup>Кубарев В.Д. Курганы Сайлюгема. Новосибирск, 1992. С. 114-117; Соенов В.И. К вопросу о типологии погребальных памятников скифского времени Горного Алтая // Итоги изучения скифской эпохи Алтая и сопредельных территорий. Барнаул, 1999. С. 170-171.

<sup>16</sup>Шульга П.И. Этнокультурная ситуация в Горном Алтае северо-западных предгорьях в VII–III вв. до н.э. // Итоги изучения скифской эпохи Алтая и сопредельных территорий. Барнаул: Изд. АГУ, 1999. С. 245-250.

**Шығыс Қазақстан ерте темір дәуірі ескерткіштерінің кезеңделуі**

Кезеңдеуші ғалымдар	Кезеңдері	Мерзімделуі
Черников С. С.	1) Майемер типі 2) Пазырық типі 3) Құлажорға мәдениеті	б.д.д. VIII – б.д.д. VII ғғ. б.д.д. VI – б.д.д. IV ғғ. б.д.д. III – б.д.д. I ғғ.
Черников С. С. (1975 ж.)	1-ші кезең 2-ші кезең	б.д.д. VII–IV ғғ. б.д.д. III ғ. – б.д. I ғғ.
Қадырбаев М. Қ.	Майемер Берел (немесе Пазырық) Құлажорға мәдениеті	б.д.д. VII – б.д.д. VI ғғ. б.д.д. V – б.д.д. IV ғғ. б.д.д. III – б.д.д. I ғғ.
Боковенко Н. А. мен Заднепровский Ю. А.	1) бастапқы (Зевакино- Шілікті) 2) орта (Бөкен ) 3) кейінгі (Құлажорға) –	б.д.д. (IX ?)VIII – б.д.д. VI ғғ. б.д.д. VI – б.д.д. IV ғғ. б.д.д. III – б.д.д. I ғғ.
	1) Майемер-Шілікті 2) Берел-Базар шаты 3) Құлажорға- Құлбабас	б.д.д. IX ғ.аяғы – б.д.д. VI ғ. басы б.д.д. VI ғ. аяғы – б.д.д. IV ғғ. б.д.д. IV ғ. аяғы – б.д. I ғғ.

**Таулы Алтайдың ерте темір дәуірі ескерткіштерінің кезеңделуі**

Мәдениеттері	Кезеңдері	Мерзімделуі
Ерте скиф		б.д.д. VIII – б.д.д. VI ғ. басы
Пазырық	1) Башадар-Тұяқты 2) Пазырық 3) Кейінгі Пазырық	б.д.д. VI – б.д.д. V ғғ. б.д.д. V ғ. – б.д.д. IV ғғ. б.д.д. III ғ. – б.д.д. II ғ. басы

нологиясы мен кезеңдеуінде әртүрлі көзқа-растардың болуы ғалымдар тарапынан әлі де жалғасын табады. Осы тақырыпқа байланысты тыңнан ашылған, әсіресе Тарбағатайдағы соны археологиялық жаңалықтар мен ізденістер бұл мәселенің мәдени-хронологиялық интерпретациясын шешу жолдарына әкелері сөзсіз.

**Резюме**

Рассматривается проблема периодизаций раннего железного века Восточного Казахстана, точнее сакских племен заселявших территории Алтайских и Тарбагатайских гор.

**Summary**

In given article the problems of chronology of archaeological cultures of the Early Iron Age of Eastern Kazakhstan are examined. In general these cultures belonged to Saka tribes which occupy the territory of Altay and Tarbagay Mountains.

<sup>17</sup> Ван Липшиань, Ван Бо. Қытайдағы Алтай даласының мәдениет ескерткіштері. Үрімші, 1996. 104,105,106 суреттер. (Қытай тілінде).

<sup>18</sup> Сұлғатай С., Еженханұлы Б. Тарихи-мәдени жәдігерлер // Қазақстан тарихы туралы Қытай деректемелері. Алматы: Дайк Пресс, 2005. 2-т. 26 бет. 80 бет.